

**«Қызылжар ауылының ЖОББМ»КММ бойынша тамақтандыру
сапасын тексеру комиссияның отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 20.09.2024

Қатысқандар: 5

Комиссия төрайымы - Бәйімбетова А.А.

Комиссия мүшелері:

Ата- аналар комитетінің төрайымы –Жукова А.С.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы – Ахметбекова К.К.

Мектеп медбикесі – Елеусизова К.Т.

Әлеуметтік педагог – Омарова А.С.

Күн тәртібінде:

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тыңдалды:

- 1.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Каскатаева А.Ғ.

Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы.

Тексеру нәтижесінде комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексеріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың кол жуатын орнынан басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді. Асханадағы тағамдардың

бағалары нақтыланып көрсетілген. Комиссия мүшелері асхана жұмысын өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығын тексерді.

2. Мектеп медбикесі – Елеусизова К.Т.

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тыйым салынған заттардың сатылымға шықпады және асхана қызметкерлерінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар. Бастауыш 1-4 сынып аралығында 151 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілу туралы және мектеп асханасының жұмыс жоспарына сәйкес АКТ жасалды.

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру әрі қарай жалғассын.
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануы бақылауға алынсын.

Әлеуметтік педагог



Омарова А.С.

